

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлікті қолдау және бәсекелестікті дамыту қоры туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 14 маусым N 505. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995.06.09. N 809

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Жаңа экономикалық құрылымдарды қолдау және монополиялық қызметті шектеу жөніндегі мемлекеттік комитетін Қазақстан Республикасының Монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті етіп қайта құру туралы" 1993 жылғы 11 қаңтардағы N 1063 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлікті қолдау және бәсекелестікті дамыту қоры туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

2. Алматы қаласының әкімі бұрын бөлінген Мичурин көшесі, 89 мекенжайындағы аумағы 600 шаршыметр қызмет үйін Кәсіпкерлікті қолдау және бәсекелестікті дамыту қорының балансына берсін.

Қор қаражаты Қазақстан Республикасы Ұлттық банкіндегі

арнаулы республикалық бюджеттік шотқа аударылады.

Қор қаражатының пайдаланылу мөлшері алдағы қаржы жылына республикалық бюджетті бекіту кезінде түскен сомалар шегінде белгіленеді.

<*>

Ескерту. 2-тармақ екінші және үшінші абзацтармен толықтырылды - ҚРМҚ-нің 19.05.1994 ж. N 544 қаулысымен.

3. Облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері Қордың тиісті бөлімшелерін орналастыру үшін қызмет үйлерін бөлсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 14 маусымдағы
N 505 қаулысымен
Бекітілген

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлікті
қолдау және бәсекелестікті дамыту қоры туралы
Ереже

Осы Ереже Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлікті қолдау және бәсекелестікті дамыту қорының (бұдан әрі - Қор) негізгі міндеттерін, қызметі мен құқықтарын белгілейді.

1. Қор негізінен жеке бизнес, бәсекелестікті және нарықтың инфрақұрылымын дамыту саласында кәсіпкерлікті қолдау бағдарламаларының басым бағыттарына сәйкес кәсіпкерлікті жеделдете дамытуға көмектесуді көздейді.

2. Қор заңды ұйым болып табылады, Қазақстан Республикасының, басқа мемлекеттердің бүкіл аумағында өз қызметіне байланысты құқықтармен пайдаланады және міндеттер орындайды.

Қордың қазақ және орыс тілдерінде аты жазылған мөрі, фирмалық бланктері, банктерде дербес балансы мен есепшоты, оның ішінде валюталық шоты болады.

3. Өз қызметінде Қор Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары мен қаулыларын, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулыларын мен өкімдерін, халықаралық құқық құжаттарын және осы Ережені басшылыққа алады.

4. Кәсіпкерлікті қолдау қорының негізгі міндеттері мыналар:

жеке кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту бағдарламаларын жасап, жүзеге асыру;

меншіктің мемлекеттік емес түрлеріне, бәсекелестікті дамытуға негізделген нарықтық құрылымдарды қалыптастыруға және қолдап отыруға қатысу;

шаруашылық жүргізуші құрылымдарға кәсіпкерлік қызметті жүргізу үшін бірдей жағдайлар мен мүмкіндіктерді қамтамасыз ететін нарықтық инфрақұрылым қалыптастыруға және дамытуға қатысу;

кәсіпкерлікті дамыту және нарықтық экономика үшін кадрлар даярлау мақсатында шетел инвестицияларын, шет елдер мен халықаралық ұйымдардың қаржылай және техникалық көмектерін тартуға жәрдемдесу.

5. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік қолдау және бәсекелестікті дамыту қоры мыналардың есебінен құрылады:

меншік түріне және шаруашылық жүргізу әдісіне қарамастан республика аумағында орналасқан шаруашылық жүргізуші субъектілердің міндетті аударымдарынан, бұған республика аймағында республикалық және шетелдік заңды ұйымдар мен жеке адамдарды қатыстыра отырып құрылған бірлескен кәсіпорындар, олардың банк мекемелерінде есепшоттары бар филиалдары (бөлімшелері, басқа жекелеген бөлімшелері) кіреді.

Республика экономикасын жаңғырту қорының жеке кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған қаржысының бір бөлігінен;

Қазақстан Республикасының Халықты жұмыспен қамтуға және қоныс аударуына жәрдемдесетін мемлекеттік қорының жеке кәсіпкерлік саласында жаңа жұмыс орындарын ашуға бағытталған қаржысының бір бөлігінен;

заңдарда белгіленген тәртіппен мемлекеттік меншікті мемлекет иелігінен алудан және жекешелендіруден алынған қаржының бір бөлігінен:

кәсіпкерлікті қолдау және инвестициялық резервтер қалыптастыру мақсатында шаруашылық жүргізуші субъектілердің өз еркімен аударған қаржысынан;

Қорға арналған міндетті төлемдер белгіленген уақытында төленбеген жағдайда есептелетін өсімдер мен айыппұлдардан;

берілген қаржының проценттері мен оны уақтылы қайтармағаны үшін есептелетін өсімнен;

Қазақстандық және шетелдік заңды ұйымдар мен жеке адамдардың өз еркімен төлейтін жарналарынан;

кеңес беру, әдістемелік және ақпараттық-баспа қызметінен түскен табыстар мен басқа да түсімдерден;

қолданылып жүрген заңдарға қайшы келмейтін көздерден түсетін басқа да түсімдермен.

6. Негізгі міндеттерге сүйене отырып Қор мынадай қызметтер орындайды: өз қызметін басым бағыттарда жүзеге асырып отырған кәсіпкерлерге (ұқсатушы өндірістерге, халық тұтынатын тауарлар шығаратын, құрылыс материалдарын дайындайтын, халыққа қызмет көрсететін және басқа кәсіпорындарға) қаржылай көмек көрсетеді;

алдыңғы қатарлы ғылыми және техникалық жаңалықтарды қолдануға негізделген экологиялық таза өндірістер ұйымдастыруға қаржы бөледі;

қаржы-несие қызметін заңдарда белгіленген тәртіппен жүзеге асырады;

қызметі бәсекелестік орта жасауға және нарықты тауарлармен, қызметтермен молықтыруға бағытталған шаруашылық жүргізуші субъектілерге несие жөнінде кепілдіктер береді; қолданылып жүрген заңдарға сәйкес сақтандыру қызметін жүзеге асырады;

қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жеке меншікке негізделген кәсіпорындар

мен басқа да шаруашылық құрылымдар құруға қатысады;

инфрақұрылым элементтерін, оның ішінде ақпараттық мәлімет банктерін құруға жәрдемдеседі;

шығармашылық ұжымдар, сараптық кеңестер, комиссиялар, оның ішінде алға қойылған міндеттерді шешу үшін шетелдік мамандарды қатыстыра отырып осындай ұйымдар құрады;

сыртқы экономикалық қызметтерді жүзеге асырады;

Мемлекеттер достастығына қатысушы елдердің осындай қорларымен және кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі халықаралық қорлармен ынтымақтасады;

отандық және шетелдік инвесторлардың қаржысын тартуға және оларды тиімді пайдалануға бағытталған шараларды қаржыландырады, оның ішінде байқаулар, көрмелер, аукциондар, конференциялар және т. б. ұйымдастырады;

нарықтық экономика үшін кадрлар даярлау мен оқытуды қаржыландырады;

кеңес беру, әдістемелік және ақпараттық-басқа қызметін жүзеге асырады;

негізгі міндеттер мен қызметтерді орындауға қажетті және қолданылып жүрген заңдарға қайшы келмейтін басқа да қызмет түрлерін жүзеге асырады.

7. Шаруашылық жүргізуші субъектілерді қаржыландыру туралы шешімді Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі қабылдайды, сондай-ақ оларға қаржы бөлу шарттарын белгілейді. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жеке кәсіпкерлікті дамытудың басым бағыттарына Қордың қаржы салымының мөлшері туралы шешім қабылдайды, конкурстық негізде кәсіпкерлердің жобалары мен жеке кәсіпкерлікті дамыту бағдарламаларын қарайды, оларды қаржыландыру туралы шешім қабылдайды, Қор қаржысының дұрыс бөлінуіне жауап береді, бөлінген қаржының нысаналы пайдаланылуын бақылау жөніндегі атқарушы дирекцияның есептерін тыңдайды.

Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жобаларды қараған кезде кәсіпкерлікті дамыту бағыттарының басымдығын, жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін сараптық бағамдамасын, жобаны жүзеге асыруға қажетті жағдайлармен және тиісті материалдық-техникалық ресурстармен қамтамасыз етілуін басшылыққа алады.

Жобаларды сараптау ісіне қажет болған жағдайда министрліктер мен ведомстволардың жетекші мамандарынан, кәсіпкерлік бірлестіктердің, қоғамдық ұйымдар мен халықаралық қаржы институттарының өкілдерінен, ғалымдар мен практиктерден тәуелсіз сарапшылар қатыстырылады. <*>

8. Қор қызметін жедел басқару ісін Қордың атқарушы дирекциясы жүзеге асырады.

Атқарушы дирекция туралы ережені Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі бекітеді. Республикалық Қордың атқарушы директорын республиканың Экономика министрі тағайындайды.

Қордың атқарушы дирекция қызметкерлерінің саны мен оны ұстауға жұмсалатын қаржының шекті мөлшерін Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі белгілейді. <*>

Ескерту. 7 және 8-тармақтар жаңа редакцияда берілген - ҚРМК-нің 1994 ж. 24 маусымдағы N 709 қаулысына сәйкес.

9. Өзіндік қызметтік міндеттерін орындау үшін Қордың мынадай құқықтары бар:

Қордың міндеттері мен мақсаттарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес оның мүлкін иеленуге, пайдалануға және басқаруға;

Қазақстан және басқа мемлекеттер аумағында заңды ұйымдық құқы бар филиалдарды, бөлімшелерді құруға, қайта құруға және жоюға;

Қор міндеттеріне қызметі сәйкес келетін инвестициялық, сақтандыру және басқа қорлар, холдинг компаниялар, бірлескен және басқа кәсіпорындар мен ұйымдар құруға;

төрелік немесе аралық соттарға талапкер және жауапкер ретінде қатысуға; мамандарды басқа мемлекеттерге жұмысқа, оқуға, қайта даярлықтан өтуге және біліктілігін арттыруға жіберуге;

Қордан бөлінген жәрдем ақшаның несиелердің және басқа қаржылардың орынды жұмсалуын қадағалауға;

Қордан бөлінген қаржыны кәсіпкер орынсыз жұмсаған жағдайда олардан сол соманы ешбір даусыз қайта өндіріп алуға;

Қордың кеңес беру, ақпараттық-баспа қызметінен түскен қаржыны, кәсіпкерлік құрылымдардан өндіріп алынған айыппұл мен өсім ақшаларды қорды материалдық-техникалық қамтамасыз етуге және әлеуметтік дамытуға, сондай-ақ Қор қызметкерлерін материалдық ынталандыруға пайдалануға;

басқару, өкімет орындарынан және басқа мемлекеттік және өзге құрылымдардан (салық инспекцияларынан, банктерден, статистика органдарынан және т. б.) Қор түсімдерін қамтамасыз етуге, бөлінген қаржының қайтарылуын бақылауға қажетті ақпараттар мен мәліметтерді сұрауға және алуға.

10. Қор қаржысының орынды жұмсалуына бақылауды Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен бірлесе отырып Мемлекеттік қаржы бақылау комитеті жүзеге асырады.

11. Шаруашылық жүргізуші субъектілерге бөлген қаржысының пайдаланылуына және олардың уақтылы қайтарылуына бақылауды Қордың атқарушы дирекциясы жүзеге асырады. <*>

Бөлінген қаржыны өз мақсатына жұмсамау оны даусыз түрде айыппұл сала отырып, мерзімінен бұрын қайтарып алуға негіз болады. Ақша қаражаты

болмаған немесе ол жетімсіз болған жағдайда мұның өтемі ретінде шаруашылық жүргізуші субъектінің тиісті мүлкі қордың меншігіне өтетін болады.

Ескерту. 11-тармақтың бірінші абзацында сөздер алынып тасталған - ҚРМК-нің 1994 ж. 24 маусым N 709 қаулысымен.

12. Қор Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен бухгалтерлік есеп жүргізіп және статистикалық есеп беріп отырады.

13. Қорды қайта құру және жою Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК